

УДК 159.9

БАЛАНЫ ОТБАСЫНДА МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Акишева Назерке Мырзагелдықызы

Nazerke_95_06@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Педагогика және психология» мамандығының магистранты,

Нұр-сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Н.П.Албытова

Балаларды мектепке дайындау - бұл баланың өмірінің барлық салаларын қамтитын көп қырлы міндет. Балаларды мектепке даярлау белгілі бір білім, білік және дағдыларды

қалыптастырумен ғана шектелмейді, ол баланы физикалық, психологиялық, эмоционалдылық жағынан да даярлауды қажет етеді.

Баланы мектепке дайындау педагогика тарихында үздіксіз жалғасып, жетіліп, дамып келе жатқан мәселе. Белгілі педагог К.Д.Ушинский мектептегі оқудың жетістігі баланы жас басынан еңбекке баулу арқылы тыңдауға, зейінділікке, жауапкершілікке үйретіп, тілін дамытуға байланыстылығын жан-жақты қарастырса, С.Т. Шацкий жүйелілік қағидасына аса мән береді. П.П.Блонский баланы жазуға, оқуға үйретуде оның дене күшінің, денсаулығының, әлеуметтену ортасының ерекшеліктеріне, интеллектуалды даму деңгейіне мән беруді, оның балабақшадан немесе отбасынан келгенін ескеру туралы «Педагогика» еңбегінде қатты ескерткен [1].

Белгілі орыс психологтары А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, А.А. Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады [2].

Р.В. Овчарова тұжырымдамасында, мектептегі оқуға дайын бала өзінің әрекеттерін жоспарлап және бақылай алады, қоршаған дүниенің заңдылықтарын, заттардың жасырын қасиетін бағдарлайды, оларды өз әрекеттерінде қолдана алады, басқа адамды тыңдай біледі және логикалық ойлау тәсілдерін орындай алу біліктілігін жатқызады [3].

Белгілі балалар психологы Л.А. Венгер «Мектепке дайын болу – міндетті түрде оқу, жазу, санау емес. Мектепке дайын болу – осының барлығына үйрену» деген болатын [4].

Ал, Е.Е. Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды:

1 бағыт - балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2 бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

3 бағыт - оқу әрекеттерінің алғы шарттары;

4 бағыт - баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі [5]. Яғни, ғалым баланың мектепке дайындығын кешенді түрде қарастырған.

Соңғы жылдары зерттелген монографиялық еңбектерде балаларды мектепке оқуға дайындауда олардың ата-аналарының төмендегі мәселелерге назар аударуларын атап берген:

1. Баланың жалпы физикалық дамуы: қалыпты салмағы, бойы, кеуде көлемі, бұлшық ет тонусы, тепе-теңдігі, денесі және басқа да 6 жастағы ер балалар мен қыздардың дене дамуының орташа нормаларына сәйкес келетін өзге де көрсеткіштер. Көру, есту, моторика жағдайына (әсіресе қол мен саусақтардың ұсақ қимылдарының қалыптасуы) ерекше назар аудару қажет. Тиісінше баланың жүйке жүйесінің жағдайы да анықталуы тиіс: оның мінез-құлқы және тепе-теңдік дәрежесі, күші мен қимылы. Жүйке қызметінің бұзылуы, ең алдымен баланың денсаулығына сондай-ақ тез шаршауына әсер етеді,

2. Айналасындағылармен қарым-қатынас жасай білу және қарымқатынасты ұйымдастыра білу. Балалар құрдастарымен бірге әрекет етуге және өмірге дайын болуы керек: басқаларды тыңдай білуге және сөзді бөлмеуге, қиын сәтте достарына көмектесуге, өзгелердің пікірлерін тыңдай отырып, егер ол белгіленген тәртіп ережелері мен нормаларына сәйкес келсе, өз құқықтарын қорғай білуі тиіс. Отбасында қалыптасқан адамгершілік мінез-құлық әдеттері, гигиеналық, мәдени және оқу дағдылары алты жасар балаға оның өмірінің жаңа кезеңіне «күйзеліссіз» көшуге мүмкіндік береді.

3. Ой-өрісін кеңейтуге көңіл бөлінеді. Негізінен бұл сезімтал тәжірибе, көріністер, кейбір қарапайым ұғымдар («өсімдіктер», «жануарлар», «маусымдық құбылыстар», «уақыт», «саны») және жалпы сипаттағы бірқатар мәліметтер (адамдардың еңбегі туралы, туған елі туралы, мерекелер, сенімі, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар туралы). Білім аясына кеңістік («қашықтықтық», «бағыт», «форма» және «шамасы»), олардың кеңістіктегі жағдайы) пен уақыты, оның өлшем бірліктері туралы («сағат», «минут», «апта», «ай»),

«жыл») белгілі түсініктер кіреді. Алты жасар баланың ой-өрісі сан, сан қатары, жиын, тепе-теңдік және теңсіздік және т. б. туралы қарапайым ұғымдарды қамтиды.

4. Балаларды мектепке дайындау жоспарында балалардың кейбір дағдыларды, біліктерді және мінез-құлықтың маңызды әдеттері мен дағдыларын: тұрмыстық, өзіне-өзі қызмет көрсету, гигиеналық, мәдени дағдыларды меңгеруіне үлкен мән беріледі. Отбасында мектеп жасына дейінгі ересек балалардың арасында бірінші орында өзіне-өзі қызмет көрсету, екінші орында ойыншықтар мен үйжайларды жинау болып табылады. Балалар өз бетінше, ескертусіз: аяқ киімдерді мұқият сүртуге, сыртқы киімдерді шешіп, оны шкафқа ілуге, төсектерге жапқышты төсеуге, ойыншықтарды дұрыс қалдыруға, шашын тарауға және сыртқы кейпіне назар аударуына қол жеткізу қажет. Үстелдегі тәртіп мәдениетіне ерекше көңіл бөлу: тік отыру, барлық ас үй құралдарды пайдалану, шусыз тамақтану, тамақтану кезінде сөйлеспеу және асықпау. Үй жағдайында жалпы үстел басында өзіне ерекше назар аударуды талап етпеуге, айқайламау, ересектердің сөзін бөлмеуге үйрету керек. Баланың мектепке дайындығының маңызды көрсеткіші олардың байланыстырып, грамматикалық және фонетикалық дұрыс сөйлеуі болып табылады: өзіне тікелей арналған сөзді ғана түсініп қана қоймай, өз ойпікірлерін білдіру үшін өз бетінше сөйлем құрастыра білуі керек. Сонымен қатар сөздерді тыңдау және айту қабілеті, дыбыстарды сөздерден ажырата алу, ұқсас сөз тіркестерін есту арқылы ажырата білуге үйрету қарастырылады [6].

Баланың бойындағы мектепке дайындықты құрайтын аталған кешеннің барлығы отбасынан бастау алады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» [7] - деп көрсетілген. Яғни, мемлекет бала тәрбиесінде ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктейтіндігін анық көреміз.

Қазіргі уақытта балаларды тәрбиелеуде ата-аналар көптеген проблемаларға кезігеді. Ал осындай проблемалар бала мектепте оқи бастаған тұста айтарлықтай сәтсіздіктердің бастауы болады. Кейбір жас отбасы тәжірибелерінің аздығы мен арнайы педагогикалық білімнің болмауы салдарынан өздерінің тарапынан болып жатқан қателіктерді түсіне де алмайды. Жиі қайталанатын қателіктерді психологтер, әлеуметтанушылар мен педагогтер түрлі деңгейде айтып, жазып және зерттеулер жүргізіп келеді.

Белгілі психолог Е. Филоненко мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың жіберетін 5 негізгі қателіктерін бөліп көрсетті. Бұл қателіктер қазіргі кезде көп жіберілетін жалпы қателер болып табылады:

1 қателік – баланы гаджеттерге тәуелді ету. Баланы телефонның көмегімен тыныштандыру ата-аналарға оңай болып келеді, себебі бала телефонға қызығып, ештеңеге алаңдамайды, сұрақтар қойып ешкімді мазаламайды, үлкендердің әңгімесіне араласпайды. Ересек балалар электрондық құрылғыға тәуелді болып қалатындықтан, олардан алып қою қиындық келтіреді. Ата-аналардың өздері оларға үлгі көрсетеді, яғни бос уақытта олардың қолдарынан да телефон немесе планшеттері түспейді. Баланың ойлауы әлі қалыптаспағандықтан, оны тыныштандыру үшін телефонды пайдалану үлкен қателік. Баладан телефонды қоюды талап еткенде ол ашуланып, озбырлық танытады.

2 қателік - «баланы ерте дамыту». Қазіргі кезде ата-аналар баланы дұрыс сөйлеуге үйретуден бұрын оқуға үйретуге тырысады. Көптеген ата-аналар баламен көбірек сөйлесуге, қоршаған ортамен таныстыруға салғырт қарайды, олар бала қоршаған ортаны өздігінен таниды деп ойлайды. Бірақ, күнделікті тұрмыста іс-әрекет барысында балаларды дамыту қажет. Мысалы, түскі ас дайындап жатсаңыз, баланыздан сәбіздің түсін, қанша кесек сәбіз кескенізді, сәбіз бен орамжапырақтың айырмашылығын, көкөністер мен жемістердің түсін, пішінін сұрауыңызға болады. Өзіңіз тұратын үй, ауладағы көрші үй неше қабаттан тұратынын санауды ұсынуға болады. Мектеп жасына дейінгі балаға аяқ киімінің бауын байлау, күртешесінің түймесін салу қиындық келтіреді. Ерте дамыту – бұл қарапайым дағдыларға үйрету. Ата-аналарға баламен сөйлесіп, әңгіме, ертегі айтып бергеннен гөрі, кітап сатып әперіп, өзін отырғызып қою оңай болып келеді. Аналары

әрдайым асығып жүреді, сол себепті баланың киімінің түймесін өздері салып, баусыз аяқ киім сатып алуға тырысады. Алайда, баланың табиғи дамуы тежеліп, бірдеңе жасауға деген ұмтылысы жойылады, сондықтан оны күштеп мәжбүрлеуге болмайды, оның әлемді тануына мүмкіндік беру қажет.

3 қателік – балалар әлеуметінен алыстату. Кейбір ата-аналар баласы балабақшада уақытты босқа өткізеді, яғни ештеңемен айналыспайды немесе жиі ауырады деп ойлайды. Осыған байланысты балаларын түрлі үйірмелерге беруді дұрыс деп санайды. Бірақ, баланы балабақшадан алшақтату – бұл келешекте оның ұжымға бейімделе алмауына және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда қиыншылықтарға тап болуына әкеп соғуы мүмкін. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың қызығушылықтары бірдей, олар бір-бірімен тең дәрежеде жанында ата-аналары болмағандықтан өздері тіл табысуға ұмтылады.

4 қателік – күтпеген жағдайдың орын алуы. Кейде ата-аналар баласының қандай болуы керек екенін елестете алмайды. Мұндай қарама-қайшылық орта жастағы ата-аналарда немесе егер олар отбасында жалғыз бала болса немесе отбасының кенжесі болған жағдайда туындайды. Ата-анасына бұл бала басқа балаларынан ерекше болып көрінеді, оған жоғары талаптар қоя бастайды, ал балада мен бәрін дұрыс жасап жатқан жоқпын деген ой қалыптасады. Әкелер жиі ұлдарын басқа балалармен салыстырады, оларға ұлдары белгілі бір критерийлерге (әлсіз, әлжуаз, сенімсіз және т.б.) сәйкес келмейтіндей болып көрінеді, оларға шағымдарын айтады, ренжітетін балалардың барлығын ұруға кеңес береді, осындай жағдайда бала қарама-қайшылыққа тап болады. Мектеп жасына дейінгі баланы ересектермен диалогқа қатысуға ынталандыру қажет. Егер ата-аналар баласына күмән келтіретін болса, психологке, тәжірибелі педагогке, тәжірибелі анаға жүгінуі керек.

5 қателік – баланы еңбек әрекетінен шектеу. Ата-аналар үйде баланы қауіпсіз жағдайлардан қорғау үшін бір іспен айналысуына рұқсат етпейді, бірақ баланың қимыл жасап, қоршаған ортаны тануы қажет. Балаларға шамасы келетін жұмыспен айналысуына мүмкіндік беріп, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке баулу маңызды, нәтижесінде баланың өзіне-өзі баға беруі артады. Ата-аналар баламен қарым-қатынас жасауға көп көңіл бөліп, олармен дүкенге, ойын – сауық орталықтарына бару, саябақта серуендеу, кітап оқу, үйді бірлесіп тазалауды ұйымдастыру қажет[8].

Мектепте оқуға дайындық кезеңі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық жағынан күрделі кезең болып табылады. Ең бастысы ата-ана баланың мүмкіндігін алдын ала болжап, қолдау көрсету жолдарын анықтап алуға өздерін дайындау керек. Жоғарыда психологтер топтап көрсеткен кемшіліктердің орнын толтыру, болдырмау жолдарын іздестіру керек. Бұл ретте отбасында қалыптасқан тәрбие стильдерін, дәстүрлерді, тәртіпке келтіру дағдыларын т.б. баланың қатысуымен қайта қарау қажет. Ата-ана, отбасының әрбір мүшесі баланың сол аталған кемшіліктерін түзетуге бірге қатысады, балаға қолдау көрсетеді және ересектер нәтижеге аз уақытта қол жете қоймайтындығын естен шығармаулары керек. Тәрбие – ұзақ уақытты қажет ететін күрделі процесс бола отырып, үздіксіздік принципіне сүйенеді.

Сонымен, отбасында баланы мектепке дайындауға жауакершілікпен қарап, нақты іс-шаралар жоспарлау керек, олар:

- баланың гаджеттерге тәуелділігін тыю (уақыт белгілеу);
- тіл дамыту жұмыстарымен айналысу (балалар фольклорын пайдалану, ертегі қойылымдарына бару, өз беттерімен кейіпкерлерді қайталау және т.б.);
- баланың әлеуметтенуіне назар аудару (құрдастарымен, отбасы мүшелерімен және т.б. қарым-қатынасқа түсуіне көмектесу: жасқанбау, күш көрсетпеу, өктемдік жасамау, ерінбеу, мүмкіндігінше, өз проблемаларын өздері шешуге дағдыландыру және т.б.);
- баланың тәрбиесінде, әсіресе денсаулығында кездесетін кемшіліктерді маманмен шешу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Блонский П.П. Педология.-М.:Гуманист. изд. центр ВЛАДОС, 1999.-288с.

2. Семаго Н.Я., Семаго М.М., Теория и практика углубленной психологической диагностики. От раннего до подросткового возраста: Монография. – М.: АРКТИ, 2016. – 560 с.
3. Овчарова Р.В., "Практическая психология в начальной школе"— М.: ТЦ «Сфера», 1996. - 240 с.
4. Венгер Л. А., Марцинковская Т. Д., Венгер А. Л. В., «Готов ли ваш ребенок к школе» — М.: Знание, 1994. — 192с.
5. Кравцов Г.Г., Кравцова Е.Е., Психология и педагогика обучения дошкольников: Учебное пособие. – М.: Мозаика – синтез, 2013. – 264 с.
6. Обухов А.С., Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров. – М.: Издательство Юрайт, 2014. – 583 с.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы
8. Филоненко Е. Н., «Большая книга родителей будущих первоклассников»,ООО «Издательство АСТ», 2018